

## **Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларын дағдарыстан шығару жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 қазан N 1292

Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларын дағдарысты ахуалдан шығару және күзгі-қысқы кезеңге дайындық мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

### **1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:**

1997 жылға арналған республика бюджетінің жобасын қалыптастыру кезінде Жамбыл облысы бюджетінің шығыс бөлігінде Жаңатас және Қаратау қалаларының инфрақұрылымдарын қолдауға арналған қаражат бөлуді ескерсін;

тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы объектілерін қысқа дайындау үшін мемлекеттік міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстарға арналып, 1996 жылғы республика бюджетінде көзделген қаржы есебінен 1996 жылдың аяғына дейін Жаңатасқа - 150 млн. теңге, Қаратау қаласына 15 млн. теңге бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі Мемлекеттік салық комитетімен бірлесіп Жамбыл облысының фосфор саласы тармағы "IBE Trade Corp" (АҚШ) фирмасының сыртқы басқару туралы контракті шарттарының салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің бюджетке заңдарда көзделген мерзімде түсуі жөніндегі атқарылуын байыптасын және 1996 жылдың 30 қазанына дейін нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Жамбыл облысының әкімі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп Жаңатас қаласының "Жаңатас электр торабы" кәсіпорнын және Қаратау қаласының коммуналдық электр тораптарын "Жамбыл облыстық электр бөлу компаниясы" акционерлік қоғамының балансына және Жаңатас қаласының газ шаруашылығы объектілерін "Жамбылалауаз" акционерлік қоғамының балансына өткізсін.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп зілзала апатының нәтижесінде қираған Жаңатас қаласындағы шағын қабатты құрылыстың қазандығындағы аккумулятор багін қалпына келтіруге қаржы кезін айқындасын және ағымдағы жылдың қазан айында 12,8 млн. теңге бөлу туралы ұсыныс енгізсін.

### **5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру**

жөніндегі мемлекеттік комитеті Жаңатас және Қаратау қалаларының аумағындағы объектілерге берілген жеке меншікке сатылатын жерлерге жартылай шөлейт және шөлейт аумақтарға орналасқан

селолық елді мекендердің жерлеріне төленетін төлем ставкалары бойынша бағалау жүргізісін.

6. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Үкімет Аппаратының Аумақтық даму бөлімі мен Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөліміне жүктелсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары